

**6D041600- Өнертану мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға ұсынылған Бердібай Айжан Рахманқұлқызының «Қазақтың дәстүрлі әндерінің музыкалық- поэзиялық құрылымы» докторлық диссертациясы мәтініне**

**АНДАТПА**

**Зерттеудің өзектілігі** аталған құбылыстың ұлттық этномузикатану үшін ерекше маңыздылығымен түсіндіріледі. Қазақтың сан ғасырлық тарихын қамтитын музыкалық мәдениетінің бір тармағы - оның бай ән мұрасы түрлі аймақтық дәстүрлер, жергілікті және жеке авторлық стильдер мен жанрлардың көптеген нұсқаларынан құралғаны белгілі. Сол мысалдарға негіз болған және *өзінің алуантүрлілігімен ерекшеленетін музыкалық- поэзиялық құрылымдар күні бүгінге дейін ғылыми тұрғыдан жүйеленбей, оларды құрайтын ішкі терең деңгейлері зерттелмей келген*. Сол мәселені шешуге көмектесетін құрылымдық әдіс әннің музыкалық және поэзиялық жүйелерінің өз ішіндегі және өзара қатынасын байқауға септігін тигізіп, олардағы жалпы (басқа мәдениеттермен ортақ) және тәулума ұлттық ерекшеліктерін анықтаудың кілті болып табылады. Ал соңғы мәселе - жаһандану үрдісі кезеңінде маңызы орасан ұлттық кодымыздың бір бөлігін құрайтыны аян.

**Зерттеудің нысаны** - қазақтың дәстүрлі ән мұрасын құрайтын фольклорлық және ауызша тараған кәсіби әндер, Кеңес дәуірінде туылып, дәстүрлі құрылымдық принциптерге сүйенгендіктен «халықтық» сипатқа ие болған Қазақстан композиторлары мен сазгерлерінің әндері.

**Зерттеудің пәні** - қазақтың дәстүрлі әндерінің музыкалық-поэзиялық құрылымы және оны қалыптастырудың негізгі принциптері.

**Зерттеудің мақсаты.** Қазақтың дәстүрлі әндерінің музыкалық-поэзиялық құрылымын біртұтастықта және жекелеген жүйелері бойынша жан-жақты қарастыру.

**Зерттеудің міндеттері.**

- Қазақтың «өлең»/ «ән», «құрылым», «әуен», «сөз» және т.б.терминдерін түркітілдес басқа елдердің соларға мағыналас сөздерімен салыстыру; «өлең» және «қайырма» сөздерінің этимологиялық талдауы, қазақ әндері қайырмаларының кең тараған поэтикалық бейнелерін қарастыру;

- Өлеңтанушы филологтардың еңбектеріне шолу жасап, қазақтың дәстүрлі әндерінің өлеңдік-өлшемдік құрылымын *тұрақты* және *тұрақсыз* қарым-қатынас аясында талдау;

- Қазақтың дәстүрлі әндерін музыкалық құрылым мен буындық-өлшемдік құрылымымен (шумақпен) сабақтастықта зерттеп, ән құрылымдарының жіктеуін жасау;

- Әннің негізгі бөлімі мен қайырмасының дыбысқатарлық арақатынасын қарастыру және құрылымдық талдау әдісін бір-біріне қарама - қарсылығымен сипатталатын «тұрақтылық-тұрақсыздық» ұғымына сүйеніп әрі қарай дамыту;

-Қазақтың дәстүрлі әні мен күйінің құрылымдарын терминологиялық және құрылымқалыптастыру жағынан бір-бірімен салыстыру;

-Жаяу Мұса және Абай әндерінің музыкалық-поэзиялық құрылымын оның

алғышарттары: ұлтаралық мәдени байланыстар, білім деңгейі және дүниетанымдық ұстанымдар жиынтығының нәтижесі ретінде қарастыру;

-Қазақтың ХХ ғасырда туылған әндерін дәстүр жалғастығы аясында талдау.

**Мәселенің зерттелу деңгейі.** Көптеген тарихи-мәдени себептердің нәтижесінде пайда болған қазақтың дәстүрлі әндері құрылымдарының күрделілігі мен алуантүрлілігі отандық этномузыкатануымыздың әртүрлі кезеңдерінде сан-алуан теориялық мәселелер (Б.Ерзакович, А.Байғаскина, Б.Қарақұлов, И.Қожабеков, Г.Қозыбақова, А.Бердібай, т.б.), дәстүрлер мен жанрлардың пайда болуы мен дамуы мәселелері (М.Ахметова, С.Елеманова, Д.Әмірова, Г.Бегалинова, Б.Бәбіжан, т.б.), аймақтық және жергілікті дәстүрлер мен жеке стильдердің ерекшеліктері (А.Затаевич, Б.Қарақұлов, Қ.Жүзбасов, А.Темірбекова, Ғ.Бисенова, К.Төлеутаев, Д.Әмірова, Г.Бәйтенова, О.Мұсахан, А.Сабырова, Б.Тұрмағамбетова, А.Мұқанова, А.Байбек, М.Құрманғалиева, Г.Әлпейісова, т.б.) аясында қарастырылған болатын.

Ұсынылып отырған еңбектің тақырыбына байланысты мәселелерінің тереңдігі мен жан-жақтылығы әртүрлі дәрежеде ашылған бұрынғы зерттемелер осы диссертацияның бағыт-бағдарын айқындады. Өз

еңбегінде автор, бір жағынан, тарихи қалыптасқан ән формаларын зерттеген отандық мамандардың бірғасырлық тәжірибесін жинақтап топтай отырып, екіншіден, бұрынғы буын ғалымдары қолданбаған әдістемені пайдалану арқылы, тақырыпты теориялық және тарихи тұрғыдан тереңдетті. Соның нәтижесінде қазақтың ән мәдениетінде музыкалық-поэзиялық құрылымдардың алуан түрлілігінің себептерін анықтап, олардың әрі қарай дамитын жолдарын болжады.

Зерттеудің әдіснамасы отандық ғалымдар мен алыс-жақын шетелдік авторлардың еңбектеріне негізделген. Олардың ішінде тұжырымдарының бірқатары диссертацияның материалында дәлелденген этномузыкатанушылар - В.Беляев, А. Затаевич, Б.Ерзакович, Б.Қарақұлов, Ә. Байғаскина, І.Қожабеков, С. Елеманова, С.Күзембай, К. Кирина және т.б., салалас ғылымдар (филология, этнография, эстетика, мәдениеттану) зерттеушілері: Е. Мелетинский, В.Жирмунский, М. Әуезов, З.Ахметов, Б.Уахатов, А.Сейдімбеков, С.Ақатаев, Х.Махмудов, Қ.Нұрланова және т.б. авторлардың аттарын атауға болады. Зерттеу мақсатына сәйкес, еңбекте кешендік, салыстырмалы - типологиялық, тарихи - типологиялық әдістер қолданылды. Ән нұсқаларын талдауда, олардың типологиялық құрылымқалыптастыру принциптерін анықтап, соның нәтижесінде қазақ әндерінің құрылымдық жіктеуін жасауда пайдаланылған ең басты әдіс — құрылымдық әдіс болды. Белгілі ғалымдар — Ф.Соссюр, К.Леви-Стросс, Р.Якобсон және т.б. бастап ұсынған ол ғылымның түрлі салаларында материалды тереңінен зерттеуге мүмкіншілігі мол әдіс болып есептелетіні белгілі.

Әннің қоғам мен оның мәдениетінде атқаратын қызметі мен синкреттік сипаты диссертацияда оның музыкалық-поэзиялық құрылымын біртұтастықта және басқа құбылыстармен байланыста қарастыруға мүмкіндік беретін *кешенді әдістің* қолданылуын талап етті. Сол себепті «ән» құбылысы шеңберіндегі

қазақ терминдерінің этимологиялық мәнін іздестіріп, ән мәтіндерінің бейнелі поэтикасын сипаттағанда, сондай-ақ, өлеңтану еңбектеріне шолу жасап, қазақ қайырмаларының буындық-өлшемдік құрылымын қарастырғанда диссертант филология (тілтану, поэтика, өлеңтану), эстетика, фольклортану, тарих және этнография ғылымдарының ұғымдық аппаратын қолданды.

Әнді белгілейтін терминдердің тарихи тереңділігін білу мақсатында оларды басқа түркі тілдеріндегі мәндес сөздермен қатар қойып қарастыру, Жаяу Мұса және Абай әндерін басқа ұлттар мәдениеттерімен байланыстары аясында зерттеу - диссертацияда салыстырмалы-типологиялық әдістің қолданылуын талап етті. Ал музыкалық құрылымдарды кезеңдерге бөліп зерттегенде (1. Дәстүрлі кезең, 2. Жаяу Мұса мен Абай музыкалық құрылымдары және 3. XX ғасыр әндері) автор еңбегінде салыстырмалы-тарихи әдіске сүйенгенін байқатады.

Қазақтың дәстүрлі әндерінің музыкалық-поэзиялық құрылымының ішкі заңдылықтарын анықтауда құрылымдық мәні аса маңызды болды. Ю.Лотманның: «мәтінді сипаттау тілі дәрежесіне қарай жіктелуі тиіс» және «мәтін синтагматикалық элементтердің топтары мен деңгейлеріне бөлінуі шарт» тұжырымдамасына сәйкес, диссертацияда алдымен әннің буындық-өлшемдік құрылымы, содан соң музыкалық құрылымы бір-бірінен бөлек қарастырылды.

Құрылымдық әдістің негізін өзара байланыста болатын *тұрақтылық-тұрақсыздық* категориялары құрайды. Олар түрлі нысандардың ішкі құрылысын зерттеуге көмектесуге қабілетті болғандықтан және осындай әмбебап сипатына орай, әртүрлі ғылымдарда қолданылады. Музыкатану ғылымында бұл бір-біріне қарама-қарсы категориялар жұбы XX-шы ғасырдың басынан бастау алып, басқа терминдермен белгіленіп қолданылды. Аталған әдіспен қазақтың музыкалық-поэзиялық нұсқаларын талдау үрдісі профессор Б.Қарақұловтың еңбектерінен басталып, қазіргі кезде өркендеп дамуда.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** алғаш рет қазақтың дәстүрлі әндерінің құрылымы және оның әртүрлі типтерінің ішкі құрылымқалыптастыру принциптері жеке арнайы зерттеу тақырыбы ретінде алынуында. Өз ішінде бір-бірімен тығыз байланысты деңгейлерден құралған қазақтың дәстүрлі әндерінің музыкалық-поэзиялық құрылымын зерттеу ұлттық ән мәдениетімізде бар музыкалық-поэзиялардың құрылымын тереңірек қарастырып топтауға, оның даму желісін белгілеуге мүмкіндік берді. Сол үрдіс барысында пайда болған Жаяу Мұса және Абай шығармашылығы - диссертацияда ұлтаралық мәдени байланыс нәтижесі ретінде зерттеліп, дәстүрлі құрылымдық принциптерді сақтай отырып, жаналық енгізудің үлгісі ретінде көрсетілген. Ол үлгі XX ғасыр әндерінде жалғасын тапты.

**Зерттеудің қорғауға ұсынар тұжырымдары.**

1. Ән құбылысына байланысты қолданылатын: «өлең», «қайырма», «тармақ», және «шумақ» терминдерінде синкреттік сипатпен қатар, құрылымқалыптастыру принциптерінің болуы;

2. «Өлең», «құрылым» сөздерінің түркі халықтарында өзімен мәндес сөздерді салыстыру нәтижесінде белгілі болған олардың типологиялық

ортақтастығы аталған терминдердің көнелігін білдіреді. Ал «қайырма» сөзінің көпмағыналылығында қазақтың ежелгі дүниетанымында қалыптасқан архетиптік бейнелер көрсетілген;

3. «Қайыр», «қайырма» сөздерінің мағынасын және фольклорлық, ауызша тараған кәсіби әндерінің поэтикалық бейнелерін біріктіретін негіз - қазақтың дәстүрлі дүниетанымы.
4. Түрлі деңгейлерден және олардың тұрақты-тұрақсыз қарымқатынасынан құралған қазақтың дәстүрлі әндерінің буындық-өлшемдік құрылымы - оның музыкалық-поэзиялық құрылымының көптүрлілігінің негізі;
5. Қазақтың кеуделі-қайырмалы әндері құрылымының музыкалық және өлеңдік құрылымдардың көлемдік арақатынасынан шығуы; ән құрылымдарының кіші (жартышумақтық) және үлкен (шумақтық) кластарға; бірқайырмалы және қосқайырмалы түрлерге бөлінуі;
6. Музыкалық және өлеңдік жүйелердің арасында түрлі деңгейлерде тұрақты-тұрақсыз арақатынастары бар әндердің типологиясы;
7. Ән және күй құрылымы бөлімдерінің атауларындағы ортақтастық. Ән құрылымының *төкпе* және *шертпе* стиліндегі күйлер құрылымына тура немесе өзгерген түрде түсуі, аспаптық музыкалық тақырыптардың 6-7 буындық және одағайсөздерден құралған қайырмаларлар мен ендіріме сөздермен типологиялық байланысы.
8. Жаяу Мұса және Абай әндерінің музыкалық-поэзиялық құрылымы ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысында құрылымқалыптастырудың жаңа кезеңі.
9. ХХ ғасырдың кең танымал фольклорлық, әуесқойлық және композиторлық әндерінің құрылымдары - дәстүр сабақтастығының нәтижесі.

**Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу.** Диссертация Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы “Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының мәжілісінде талқыланып қорғауға ұсынылды. Оның негізгі тұжырымдары 9 мақала мен баяндама ретінде жарық көрді. Олардың жетеуі- КР БҒМ –нің БҒСБК-нің ұсынған басылымдарында: 1.Қазақтың ХХ -ХХІ ғасырдағы дәстүрлі музыкалық-поэзиялық әндерінің құрылымында дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысуы. Баяндама. (Орыс тілінде) // «Өзгеру үстіндегі әлемдегі түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеті. І Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. 12-15 сәуір,2017. Қазан: Ақ буре, 2017-Б. 59-63 ; 2.Қазақ әндерінің құрылымын нотаға түсіріп зерттеуде Б.Барток пен 3.Кодайдың халық әндерін нотаға түсіру әдістемесінің маңызы туралы. Баяндама. (Орыс тілінде) //ЮНЕСКО 70-жылдығына арналған «Қазақ және венгр киносы мен телевизиясы:өзін тану, заманауи және тарихи мұра». Халықаралық ғылыми- практикалық конференция материалдары. 26-27 наурыз, 2015 ж. Алматы: ҚазҰӨА,2015- Б.316-321; 3. Қазақ күйлерінің ұлттық дәстүрлі әндерге ықпалы туралы. («Қайырма» бөлімінің мысалында). Баяндама. (Орыс тілінде) // «Дауыстан-аспапқа: түркітілді әлемнің мәдени мұрасындағы дыбыс феномені». «Түркітілді әлемнің музыкасы» зерттеу тобының 5-ші халықаралық симпозиумының материалдары. Алматы,21-23 сәуір,2016 - Б. 75-

79; 4.Композитор Б.Байқадамовтың лирикалық әндеріндегі ұлттық музыкалық – поэзиялық ерекшеліктер». Баяндама. Б.б.182-186//Дәстүрлі музыкалық мәдениет: өткені мен бүгіні. II халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 26 қараша 2015 жыл. Алматы: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, 2015; 5. XX ғасырдың 20-30 жылдарында қазақтың дәстүрлі әндерінің музыкалық - поэзиялық құрылымын қалыптастырудың кейбір принциптері. Мақала. (Орыс тілінде) //Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №2 (44)2017- Б.75-78; 6.Абай Құнанбайұлы әндерінің музыкалық-өлеңдік құрылымы туралы. Мақала. (Орыс тілінде) // Қазақстан республикасының ұлттық ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. №2 (312)2017- Б.174-181; 7. Абай Құнанбайұлы әндерінің музыкалық-өлеңдік құрылымы туралы. Мақала. (Орыс тілінде) // Қазақстан республикасының ұлттық ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. №2 (312)2017 - Б. 174-181. 8.The antropological aspects of folclorism: symphonic ruy and its genesis and typology//Man of India. 96 (11): 4607-4623 © Serials Publications; Композитор Б.Байқадамов әндеріндегі ұлттық музыкалық- поэзиялық шығармалырының құрылымдық типтері. Баяндама. Б.б. 136-143 //Инновациялық үдерістер: мәдениет пен өнер дәстүрлері және қазіргі заманғы қалпы: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Алматы: Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы, 2015. ;

Докторлық жұмыстың құрылымы Кіріспеден, үш бөлімнен, Қорытындыдан, Қолданылған дереккөздер тізімінен және Қосымшалардан тұрады. Диссертацияның әрбір тарауы: 1.«Қазақтың дәстүрлі әндерінің музыкалық-поэзиялық құрылымын зерттеудің пәнаралық мәселелері», 2. «Қазақтың дәстүрлі әндерінің өлеңдік және музыкалық құрылымы» және 3. «Дәстүрлі жанрлар мен стильдермен байланыстары аясындағы қазақ әндерінің құрылымы» өз ішінде тараулар мен тараушаларға бөлінеді.

4 тараудан тұратын Қосымшаларға: 1. Диссертанттың жарияланған мақалаларының тізімі; 2. Қазақтың ғұрыптық және ғұрыптық емес фольклор нұсқаларының мәтіндері; 3. Музыкалық- поэзиялық мысалдар; 4. Қазақтың фольклорлық және Жаяу Мұса, Абай әндері құрылымының жіктеуі кіргізілген.